

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ Директорлар кенесінің
4 наурыздағы 2022 жылы
шешімімен БЕКІТІЛДІ.**

№2 хаттама

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетемі» КеАҚ Директорлар кенесінің шешімімен өзгетүлер еңгізілді, №1 шешім
23.05.2023 ж.

Директорлар кенесінің Төрағасы



R.C. Шимашева

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
сыйайлас жемқорлықта қарсы комплаенс қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің (бұдан әрі – Комплаенс қызметі) мәртебесі, өкілеттіктері, мақсаттары, міндеттері, функциялары, құқықтары, жауапкершілігі және жұмысын ұйымдастыру, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесімен, Басқармамен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл мәселелері, сондай-ақ Комплаенс қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мәселелері айқындалады.

Комплаенс қызметі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын қоғамның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Комплаенс қызметі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, қоғам Жарғысын, осы Ережені, қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

3. Комплаенс-қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құрылымы мен штат саны (сандық құрамы) Қоғамның Директорлар Кеңесімен бекітіледі.

5. Комплаенс-қызмет қызметкерлерімен еңбек шарттарын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғамның Басқарма Төрағасы жасайды.

6. Комплаенс-қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайланады.

7. Комплаенс қызметі өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тиісті оку жылына арналған қызмет жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы Ереженің негізінде өзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және Басқарма төрағасы - ректормен бекітіледі. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы тиісті акт Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Комплаенс-қызмет қызметкерлерінің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше және тиімді орындауды мақсатында Қоғам Басқармасы тиісті еңбек жағдайларын жасайды.

10. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қоғамның комплаенс қызметіне жүктелетін қоғам мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қактығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай

жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауына және (немесе) тиісінше орындауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Комплаенс-қызметінің мәртебесі

11. Комплаенс-қызмет басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз қоғамның бөлімшесі болып табылады, Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді.

12. Комплаенс-қызметі қоғамдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдау мен іске асыруда тәуелсіз.

13. Комплаенс-қызметті қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ оның өкілеттіктеріне жатпайтын бағдарламалар мен жобаларды дайындауға немесе орындауға тартуға болмайды.

14. Комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне қоғамның ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.

3. Комплаенс-қызметінің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты қоғам мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы». Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады;

3)қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4)Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

5)қоғамның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ескерту және алдын алу қуралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1)сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2)сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігі;

3)сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

5)сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

6)басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

7)сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары:

1)Келесі құжаттарды әзірленуін қамтамасыз етеді:

- қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарын ішкі саясаты;

- қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

- қоғамдағы мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

- Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

- корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат.

2)қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

3)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4)Қоғам ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениеттің қалыптастыруға жәрдемдеседі;

5)Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлерін оқытууды ұйымдастырады;

7)құрылымдық бөлімшелердің және қызметкерлердің қызметінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұйымның ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;

8)Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бүйрекінде сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, Қоғам қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты үйлестіреді;

9)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен қоғамның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Қоғам қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

10)қоғамдағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

11)мұдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелерін анықтау, мониторинг жүргізу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

12)сыйлыктар мен қоғамдағы Өкілдік шығындар мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

13)қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

14)қоғамдағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

15)мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын Қоғам қызметкерлерінің занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізеді;

16)Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, қоғамдағы сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;

17)Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;

19)қоғам басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, университет қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20)Қоғам қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мұдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс, іскерлік этика, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құқықтары:

1)университеттің ішкі құжаттарында регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды,

оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2)өз құзыретіне жататын мәселелерді Директорлар кеңесінің, Қоғамның басқару органының қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3)ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскең хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

4)Қоғамның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексерулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге құқылы;

5)Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органының қарауына ұсыну;

6)Өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға құқылы;

7)Қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсіі мүмкін ақпараттандыру арналарын құруға не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

20.Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1)қоғам және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтайды;

2)Сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3)Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Қоғамның директорлар кеңесін уақтылы хабардар етеді;

4)Қоғам қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда материалдарды тиісті дәлелдермен бірге Директорлар кеңесіне, сондай – ақ Басқарма Төрағасы-Ректорға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға одан әрі жіберу үшін береді;

5) қоғамның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сақтайды.

21.Комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

22.Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1)олар алдыңғы уш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатыспауы керек;

2)тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатыспауы керек;

3)құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдаланбауы керек;

4)Іскерлік әдеп нормаларын бұзбауы керек;

5)нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нүқсан келуі мүмкін не осындай нүқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдамауы және көрсетілетін қызметтерді пайдаланбауы керек;

6)мұдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатыспауы керек.

23.Қоғам басшылығы:

1)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге;

3)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне комплаенс-қызметтің жұмыс бағыты бойынша, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндетті.

24.Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жұмыстағы өзара сипайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

25.Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне:

1)осы Ереженің 17-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2)анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3)туындастырын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

4. Комплаенс-қызметтің есептілігі

26.Комплаенс-қызметке әдістемелік және ақпараттық қолдауды Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаменті Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган көрсетеді.

27.Комплаенс қызметі тоқсан сайын қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты Қоғамның Директорлар кеңесіне және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді, сонымен бірге есептің көшірмесін қоғам басқармасына жібереді.

28.Комплаенс қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне жылына 2 рет есеп береді (жартыжылдық есеп, жылдық есеп).

29.Қоғамға сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.

11

5. Сайлау тәртібі және біліктілік талаптары

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысын және комплаенс-офицерін сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі – конкурс) арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы және комплаенс-офицері лауазымдарына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдау;

конкурсқа қатысуға құжаттар берген тұлғалардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру;

Директорлар кеңесінің отырысында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы және комплаенс-офицері лауазымдарына үміткер кандидаттарды қарau;

31. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы және комплаенс-офицері лауазымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру университет сайтында және/немесе басқа интернет-ресурстарда жарияланады.

32. Конкурсқа осы Ережеде көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетін барлық тілек білдірушілер қатысады.

33. Кандидаттардың құжаттарын қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

34. Конкурсқа қатысу үшін Корпоративтік хатшыға қағаз және/немесе электрондық тасығышта мынадай құжаттар ұсынылады:

1) етініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) түйіндеме;

4) білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметтің растайтын құжаттың көшірмесі;

6) соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;

7) комплаенс-қызметтің одан әрі қызметі бойынша өз көзқарасын таныстыру (тек басшы мен комплаенс-офицер үшін).

35. Егер Директорлар кеңесінің қарауына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және комплаенс-офицерінің осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келетін әрбір лауазымына екіден кем кандидаттың құжаттары ұсынылса, Директорлар кеңесі конкурсты өтпелі деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

36. Корпоративтік хатшы:

1) Конкурс өткізу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;

2) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің басшысы және комплаенс-офицері лауазымдарына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады;

3) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

4) конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарau жөніндегі Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

37. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және өз отырысында олармен әнгімелесуді жүзеге асырады.

38.Кандидатураларды қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі өз отырысында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен комплаенс-офицерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімі, лауазымдық жалақысының мөлшері туралы шешім қабылдайды.

39.Директорлар кеңесінің қабылданған он шешімі негізінде Басқарма Төрағасы - Ректор сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен комплаенс-офицерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

40.Комплаенс қызметінің басшысы лауазымына жоғары заң білімі бар басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

Комплаенс қызметінің басшысы білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Лицензиялау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдары, білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, ұжымдық шарттар жасасу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәртібін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, сапа саласындағы қоғамның саясаты мен мақсаттары, сапа менеджменті жүйесінің құжаттары; сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мұдделер қақтығысын шешу саясаты және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттар.

41.Комплаенс офицерінің комплаенс қызметіне жоғары заң білімі бар, басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар тұлға тағайындалады.

Комплаенс қызметінің комплаенс офицері Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарын, білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ұжымдық шарттарды жасасу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәртібі; еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары, сапа саласындағы қоғамның саясаты мен мақсаттары; еңбек және азаматтық заңнама, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың менеджмент жүйесі, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мұдделер қақтығысын шешу саясаты және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарды білуі керек.

42.Комплаенс-қызмет маманы лауазымына білім беру ұйымдарында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі бар жоғары білімі бар адам тағайындалады.

Комплаенс-қызмет маманы Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Білім туралы», «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Қазақстан Республикасындағы

Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, нормативтік құқықтық актілерді білуге тиіс Білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары, қоғамның сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары; Еңбек және азаматтық заңнама, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мұдделер қактығысын шешу саясаты және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттар.

6. Комплаенс-қызметі жетекшісінің өкілеттігі

43. Комплаенс-қызметі басшысының өкілеттігіне мыналар кіреді:

- комплаенс-қызметінің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, тиісті оку жылына комплаенс қызметінің жұмыс жоспарын жасауды қамтамасыз ету және оның орындалуын бақылау;

- комплаенс-қызметінің жұмысын регламенттейтін құжаттарды, оның ішінде ішкі талдау бойынша әдістемелік ұсынымдарды және комплаенс қызметінің қызметіне қатысты басқа да құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

- Қоғамның Директорлар кеңесіне комплаенс-қызметінің жұмысы туралы есептерді уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету;

- қызметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалау (жылына кемінде бір рет);

- комплаенс-қызметінің сандық құрамын, штат кестесін, өкілеттік мерзімін айқындау, қызмет қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, комплаенс-қызметінің жұмыс тәртібі, қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары, комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану, комплаенс-қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;

- комплаенс-қызметі қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау;

- комплаенс-қызметінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашылық жасау;

- комплаенс-қызметінің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

44. Комплаенс қызметінің жетекшісі комплаенс-қызметі қызметінің мәселелері қаралатын Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынуға, комплаенс қызметі қызметкерлерінің құрамына енгізу үшін кандидатураларды Директорлар кеңесінің қарауына енгізуге құқылы.

7. Комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

45. Комплаенс-қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындейды.

46. Комплаенс-қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасында ұлттық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелерді мерекелеу құрметіне әлеуметтік қолдау, қосымша төлемдер, өтемақы төлемдері, сыйлықақы беру «Абай атындағы Қазақ

ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ қызметкерлеріне енбекақы төлеу, ынталандыру және әлеуметтік қолдау туралы Ережеге сәйкес айқындалады.

47. Комплаенс-қызметі қызметкерлерінің енбегіне ақы төлеу жүйесін қоғамның бекітілген мақсаттарға қол жеткізуін мониторингтеу нәтижелері бойынша Қоғамның директорлар Кенесі қайта қарауы мүмкін.

8. Комплаенс-қызметтің Басқармамен өзара іс-қимылы

48. Комплаенс-қызметінің Басқармамен қарым-қатынасы тәуелсіздік қағидаты негізінде құрылуы тиіс, өйткені комплаенс-қызметінің ұйымдастырушылық және функционалдық тәуелсіздік деңгейі комплаенс-қызметі қызметкерлерінің объективтілігіне тікелей әсер етеді.

49. Комплаенс-қызметі Басқармамен өзара іс-қимыл шеңберінде тоқсан сайын қоғам Басқармасына Қоғам бөлімшелерінің тиісті оқу жылына арналған жұмыс жоспарының тармақтарын орындауы жөніндегі ақпаратты ұсынады;

50. Қоғам Басқармасы белгіленген тәртіппен комплаенс-қызметін әкімшілік және ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға тиіс.

51. Қоғам Басқармасының комплаенс-қызметінің қызметіне араласуына жол берілмейді.

9. Комплаенс-қызметтің жауапкершілігі

52. Комплаенс-қызметі өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына жауапты болады.

53. Комплаенс-қызметтің жетекшісі мен қызметкерлері осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шарттары мен лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес комплаенс-қызметке жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақтылы орындау үшін белгіленген тәртіппен дербес жауапты болады.

54. Еңбек тәртібін бұзғаны, жүктелген Еңбек міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша комплаенс-қызметтің жетекшісі мен қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

55. Комплаенс-қызметі жетекшісінің және қызметкерлерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды өтеу тәртібі (ол болған кезде) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

10. Қорытынды ережелер

56. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.